

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ «В» тобындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы
III апта (19-23 сәуір)

Бекітемін:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары:  Аманжеева А.Ж.

Тәрбиеші: Абенова Б.К

Өтпелі тақырып: «Біз еңбеккер баламыз»

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Сәлеметсіздер ме, балалар!	Балалармен амандасу. Балалардың көңіл күйіне назар аудару. Жағымды жағдай орнату.				
Шаттық шеңбер.	Көктем, көктем, көктемде Құстар келіп жеткенде. Қуанып бір қаламыз, Өнмен қарсы аламыз.	Жыршы құстар көп келді, Гүлдер жапты бөктерді. Кел балалар өнімен, Қарсы алайық көктемді.	Келді көктем далаға, Келді сұлу шагала. Аспандағы ақ құстар, Айдын көлді арала.	Табиғат ол-анамыз, Табиғатқа баламыз. Құшағында ойнаймыз, Шаттық әнге саламыз.	Күн мен сені сүйемін, Саған бас иемін. Жылу бер, бақыт бер, Мейіріммен шабыт бер.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі.	<p>1.Сауат ашу.</p> <p>Тақырыбы: Э дыбысы мен әрпі.</p> <p>Мақсаты: Балаларды Э дыбысы және әрпі таңбасымен таныстыру. Э дыбысы келетін сөздерге мысал келтіру. Балалардың сөздік қорын молайту. Жазуға үйрету.</p> <p>Өлеңді жатқа айтамыз.</p> <p>Балмұздақ.</p> <p>Таңдайыма тәтті-ақ! Өзі қардай аппақ. Мұз да, бал да өзінде, Тұл атақты балмұздақ. -Балалар, сендер балмұздақ жегенді ұнатасындар ма? -Қандай балмұздақты жақсы көресіңдер?</p> <p>Эскимо сөзіне дыбыстық талдау жасаймыз.</p> <p>Э жіңішке дауысты дыбыс.</p> <p>1.Э әрпімен таныс бол.</p> <p>2.Ермексаздан Э әрпінің бейнесін жаса.</p> <p>3 Дөңгелек бейнесінен Э әрпінің пішінін қолыңды үзбей</p>	<p>1.Математика негіздері.</p> <p>Тақырыбы: Мен мектепке барамын. Қосамын және азайтамын.</p> <p>Мақсаты: «+» таңбасын заттарды қосатын таңба ретінде, «-» таңбасын заттар тобынан кему таңбасы ретінде түсіну және оларды пайдалану.</p> <p>Әліппе дәптермен жұмыс.</p> <p>1.Суреттегі балаларды сана.</p> <p>Сурет бойынша қандай жазулар құруға болады?</p> <p>3+1=4 4-1=3</p> <p>2.Таңбалардың үстінен саусағыңмен жүргіз.</p> <p>«+» «-»</p> <p>3.Суретке кара. Автобуспен қанша бала келгенін сана.</p> <p>Неше бала шықты.</p> <p>Азайтудың нәтижесін жапсыр.</p> <p>5-1=4 4-1=3 3-1=2</p>	<p>1.Сауат ашу.</p> <p>Тақырыбы: Не тәтті, не ашы? Ш дыбысы мен әрпі.</p> <p>Мақсаты: Балаларды Ш дыбысы және әрпімен таныстыру. Ш дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіру.</p> <p>Әліппе дәптермен жұмыс.</p> <p>1.Тыңдап, сұрақтарға жауап бер.</p> <p>Ашы ма екен сарымсақ? Тұшы ма екен сарымсақ? Қышқыл ма екен сарымсақ? Тәтті ме екен сарымсақ? Кім айтады сұрасақ? Суреттегі көкөністердің дәмін сипатта.</p> <p>2.Тағам дәміне байланысты бір-біріңе сұрақ қой.</p> <p>Ш-қатаң дауыссы дыбыс.</p> <p>3.Тыңда.</p> <p>Борщ, ши, шәтқа- Жазылады Ш-мен. Шие, шалқан, шанышқы- Жазылады Ш-мен.</p> <p>Шәтқа, борщ, ши сөздеріне дыбыстық талдау</p>	<p>1.Құрастыру.</p> <p>Тақырыбы: Ертегідегі ғажайып сарай.</p> <p>Мақсаты: Жобаны команда да жасау. Команда үшін маңызы мен өз орнын білу.</p> <p>Ертегідегі ғажайып сарай.</p> <p>1.Тыңдап, сұрақтарға жауап бер.</p> <p>-Сендер ертегілерді жақсы көресіңдер ме? -Ертегілерде ғажайып сарайларда кімдер тұрады? -Сендер қалай ойлайсыңдар, ертегілердегі сарайлар үйлерден несімен ерекшеленеді? -Сен қандай ғажайып сарай салғың келеді? -Оны суретте. Сенің ғажайып сарайыңда кім тұрады?</p> <p>Балалардың жұмысы.</p> <p>«Ертегідегі ғажайып сарай»</p> <p>Қандай ертегі сарайында</p>	<p>1.Өзін өзі тану.</p> <p>Тақырыбы: Әдепті болу.</p> <p>Мақсаты: Балаларды әдептілікке тәрбиелеу.</p> <p>Адами қарым- қатынасқа үйренейік.</p> <p>Әдептілік-әдемілік.</p> <p>Сәлем берем үлкенге.</p> <p>Көшелерден біз өткен, Ата көрсем жақын кеп Сәлем берем ізетпен, Ассалаумағалейкүм! -деп. Алдан әже жолықса, Бөгелем кеп әдейілеп. Сәлем берем сол тұста, Есенсіз бе, әжей?- деп</p> <p>Мен әдепті баламын.</p> <p>Үйде. Мектепте Көшеде Саябақта Автобуса Дүкенде. Асханада (балалар өз ойын айтады, әңгімелейді).</p> <p>Сыпайы сөздерді үйренеміз:</p> <p>Ассалаумағалейкүм!</p>

<p>әрпінің пішінін қолыңды үзбей саусағыңмен жүргіз. Білгің келсе шынымен, Бір сызықпен тігінен- «Ө»-ні солай бөл және... Болады оның оң жағы «Э» 4.Қай әріптердің пішіні Э әрпіне ұқсас деп ойлайсың? Ұқсас бөлігін бастырып сыз. Ә Н Г Ө Ғ Н О 5.Дөңгелек пішінді түсті қағаздан Э әрпінің пішінін қиып жаса. Э әрпінен Э әрпін өзгертіп жаса. 6.Э әрпін жаз. Сергіту сәті. Орнымыздан тұрайық, Құстай қанат қағайық. Бір отырып, бір тұрып, Сәл тынығып алайық. Сөздерді оқймыз. Э -лектр. Э-кипаж. Э-ле-ва-тор. Тыңда. Электр. -Жай отыннан жаралдым, Найзағайдан нәр алдым. Ө дегенше шарқ ұрып, Кең әлемге таралдым. Қызмет етем адамға, Қолғанатпын маманға. Бойым толған күш қуат, Тау құлатам табанда. Б.Ысқақов. Электр бізге жарық береді. Қорытынды. -Қандай әріппен таныстыңдар? -Э қандай дыбыс? Балаларды бағалау. 2.Музыка. Тақырыбы: Бесік жыры. Мақсаты: Музыканы</p>	<p>3-1=2 2-1=1 Сергіту сәті. 1 дегенде тұрайық, 2 3 4 алақанды соғайық. Оң жаққа бұрылып, Сол жаққа бұрылып, Бір отырып, бір тұрып Біз жүгіріп алайық. 5 дегенде асықпай, Орнымызды табайық. Қорытынды. -Қандай таңбамен таныстыңдар? Балаларды бағалау. 2.Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: Кітап-алтын қазына. Мақсаты: Сөздердің лексикалық мағынасы мен мәнін түсіну, мағынасы бойынша жақын қарама-қарсы сөздерді сөйлегенде қолдану. Жұмбақ. Сөзі дана үні жоқ, Сөйлемейді тілі жоқ. Қолыңа алсаң шешен, Ақылы асқан көсем. (кітап). Сансыз ойлар бетінде, Сайрап жатыр бар тілде. Керекпін мен әр күнде, Өшпейді бір әрпімде. (кітап). Әліппе дәптермен жұмыс. Мектепке не үшін барамыз? 1.Сен кітапханада болып көрдің бе? 2.Ата-анаң саған қандай кітап оқып береді? 3.Суретте қай кітапта не айтылған деп ойлайсың?</p>	<p>сөздеріне дыбыстық талдау жаса. 4.Щ әрпімен таныс бол. Щ әрпін боя. Үш тармақты айырын «Шатастырма Ш-мен»,-деп, Атам оны таңбалап, Аяғынан байлады. 5.Щ әрпін таяқша және қағаз қыстырғыштардан құрастыр. Щ әрпін бастырып жаз. Сергіту сәті. Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп кішкене ағаштар, Су құйған соң өседі. Қорытынды. -Қандай әріппен таныстыңдар? -Щ қандай әріп? Балаларды бағалау. 2.Денешынықтыру. Тақырыбы: Секіртпемен секіру. Негізгі қимылдар: Секірудің әртүрлі түрлерін орындау, тепе теңдікті сақтай отырып, өзгермелі жағдайлардағы секірулер. 1 2 3 біз жинаймыз күш. Жалқаулықты тастаймыз, Жаттығуды бастаймыз. (балаларға бірнеше жаттығу түрлерін орындатқызу.) Секіртпемен секіру. 3.Көркем әдебиет. Тақырыбы: Ең керемет дәм. Мақсаты: Шағын өлеңдерді, фольклор жанрларын мәнерлеп жатқа</p>	<p>Қандай ертегі сарайында тұрғың келетінін қиялда. Құрастыру материалдарынан ертегі сарайын тұрғызып, сарай тұрғындары туралы ертегі құрастыр Сергіту сәті. Үш саусағым орайды, Жүгіртеді қаламды. Өнерлі екен он саусақ, Қала салсақ, жол салсақ. Қорытынды. -Қандай ертегілерді білесіңдер? -Ертегі тыңдаған сендерге ұнай ма? -Ертегідегі ғажайып сарайда кімдер тұрады? Балаларды мадақтау. 2.Жапсыру. Тақырыбы: Тақияны безендіреміз. Мақсаты: Қазақстан халықтарының сәндік қолданбалы өнерінің желісімен, өрнектерді симметриялы ырғақпен пішіндер мен ою элементтерін кезектестіре отырып, жапсырудағы өрнек элементтерінің кеңістік қатынасын есепке ала отырып, геометриялық пішіндер, өсімдік элементтері негізінде өрнектерден жапсырулар құрастыру. Тақия ерлердің жеңіл бас киімі. Тақияның биік төбелі, тегіс төбелі және үшкір төбелі түрлері болады. Ерлер киетін</p>	<p>Ассалаумағалейкүм! Уағалейкүмассалам! Аман-саусыз ба? Сәлеметсізбе? Кешіріңіз! Рахмет! Рұқсат етіңіз!? Сәлемдесу-әдептілік бастауы. Халық даналығы. Қорытынды. -Әдепті бала деп қандай баланы айтамыз? Балаларды мадақтау. 2.Музыка. Тақырыбы: Бесік жыры. Мақсаты: Музыканы эмоциялық қабылдау қабілеттерін дамыту; балалардың тембрлік қабылдауын қалыптастыру; ұзақ және қысқа дыбыстарды ажырата білуге жаттықтыру. Ән тыңдау. «Бесік жыры» Ән айту. «Бесік жыры» 3.Қауіпсіз мінез құлық негіздері. Тақырыбы: Қауіпсіздік мектебі. Мен үйдемін. Мақсаты: Үйдегі қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу. Менің үйім. Әрбір отбасының өз үйі бар. Отбасы мүшелері үйдің тазалығы мен тәртібін қадағалайды. Әр бала өз үйінің мекенжайын білуі тиіс. -Сенің отбасың қандай үйде тұрады? -Сенің өз бөлмең бар ма?</p>
---	--	--	---	---

	<p>эмоциялық қабылдау қабілеттерін дамыту; балалардың тембрлік қабылдауын қалыптастыру; ұзақ және қысқа дыбыстарды ажырата білуге үйрету.</p> <p>Жұмбақ. Ғажап екен кіп-кішкентай Сәнді үй. Ішінде ұйықтап жатыр Балқып әлди. (бесік). Ән тыңдау. «Бесік жыры» Ән айту: «Бесік жыры» Қорытынды. -Бесікке кімді жатқызады? -Сендердің үйлерінде бесік бар ма? -Бесік жырын кім орындайды? -Ән қалай орындалады? Балаларды мадақтау.</p> <p>3.Жаратылыстану. Тақырыбы: Ауа мен суды ластамау үшін не істеу керек? Мақсаты: Ауа мен судың неден ластану себептерін білу, оларды атау. Бірге айтамыз. -Күніміз ашық болсын! -Жеріміз кең болсын! -Ауамыз таза болсын! -Суымыз тұнық болсын! -Гүліміз жақсы өссін! Әліппе дәптермен жұмыс. 1.Ауа мен суды ластайтын әрекеттерді көрсет. Себебін түсіндір. 2.Су бізге не үшін қажет? Сурет бойынша әңгіме құрастыр.</p>	<p>Сызық арқылы қос. 4.Жаңылтпашты айтамыз. Айланбадан арба айналып барады, Арбадағылар айбарланып барады. Кітап-адамға ең жақын дос. Кітап жақсылыққа үйретеді. Кітаптың бір бетін ашқан сайын сөйлейді. Оның әр беті тұнып тұрған ақыл. Кітап адамның асыл қазынасы, сарқылмас білім бұлағы. Сергіту сәті. Біз мектепке барамыз, Қолға қалам аламыз.кітапты да оқимыз, Суретті де саламыз. Мақал-мәтелдер. Кітап-алтын қазына. Жақсы кітап жан азығы. Кітап білім бұлағы, Білім өмір шырағы. Жұмбақ Қабат-қабат қаптама, Ақылың болса аттама. (кітап). Тыңда. Кітап оқу қоршаған ортаны, дүниені және өзін тануға көмектеседі. Кітап оқу есте сақтауды және ойлауды дамытады. Яғни көп кітап оқыған адам есте сақтау қабілеті мықты, тез ойлап, тез қорытынды жасай алады. .Кітап оқу адамдармен дұрыс қарым қатынас жасауға үйретеді, әдемі, көркем, дұрыс сөйлеу дағдыларын қалыптастырады. .Кітап оқу сөздік қорды байытады, сауыттылықты</p>	<p>айту. Жұмбақ. Ұзын мұртты сарылар, Қойнында дәні бар. (бидай). -Бидайдан не жасалады? -Ұннан не жасайды? Дақылдар әні. Бидай. Нан атасы-Бидаймын, Елге астық сыйлаймын. Дәнім толып піскенде, Қауызыма сыймаймын. Нан-адамның тіршілік қорегі, дастарханға үлкен еңбекпен келеді. Ас атасы-нан. Бірге жаттайық. Нан қоқымын шашпаңдар, Жерде жатса, баспаңдар. Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастаңдар! Суреттегі қай баланың іс әрекеті ұнады, неге? Асан нан қиқымдарын торғайларға шашты. Елдос нан қиқымын үстел үстіне шашты. Суреттегілерді жегенде бет әлпетің қандай болатынын ым ишарамен көрсет. Лимон. Ыстық шәй. Бұрыш. Балмұздақ. Сергіту сәті. Балалар нанның дастарханға келу жолдарын қимыл арқылы көрсетеді. Жерді жыртамыз, Егінді себеміз. Бидай үлкен болып өседі Комбайынмен орамыз, Машинамен қамбаға тасимыз.</p>	<p>тақияда теңге, моншақтар болмайды. Оның есесіне олар «мүйіз», «ат ерін», «шырмауық» сияқты өрнектермен кестеленеді. Балалардың жұмысы. «Тақияны безендіреміз» (балалар түрлі түсті қағаздан тақияны безендіреді). Сергіту сәті. Ою ойдық өзіміз, талып қалды қолымыз. Кішкене дем аламыз, Қайтадан ою оямыз. Қорытынды. Қазақ халқының ұлттық киім түрлерін атаймыз. Балаларды бағалау. Мадақтау. 3.Денешынықтыру. Тақырыбы: Шеңбер бойымен жүгіру. Негізгі қимылдар: Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығуларын орындау. 1.Шеңбер бойында жәй жүгіру, аяқтың ұшымен жүгіру, өкшемен жүру, табанның ішімен және сыртымен жүру. Жартылай отырған қалыпта жүру. 2.Қол белде оңға, солға иілу. 3.Қолымыз иықта. Алға, артқа есу. 4.Қол белде оң аяқпен, сол аяқпен және қос аяқпен 3 рет секіру.</p>	<p>Үйде қауіпсіздік сақтау тәртібі. Егер сен үйде жалғыз қалсаң, қауіпсіздік ережелерін сақтауды ұмытпа. Мынау-балкон мен терезе. Балконға асылуға, терезеден басынды сыртқа шығаруға немесе терезе алдына шығып отыруға болмайды. Су қолымен электр құралдарына, розеткаға, ток қосқышқа жанасуға болмайды! Мынау-үтік. Оның шнурын тартпа. Токқа қосылғанда үтік өте ыстық болады. Газ плитаның үстінде шәйнек, таба, кастрөл тұр. Олар-ыстық. Оларды алу үшін арнаулы қолғап не шүберек керек. Мынау-дәрі слатын қобдиша. Оған тиіспе және үлкендердің рұқсатынсыз ешбір дәріні ішпе! Есте сақта! Үлкендер жоқ кезде электр құралдарын пайдаланба! .Сірікмен ойнама! Газ плитаның үстіндегі қызып тұрған ыдысты ұстама! Егер газ пеші терезеге жақын орналасса, даладан соққан өтпе желден терезе пердесінің өртену қаупі бар. Газ плитаның үстіндегі қайнап тасыған су оттты сөндіріп, газдың исі шығуы мүмкін. Арнайы қызмет телефон номерлерін есте сақта. Жедел жәрдем номері-103. Өрт сөндіру қызметі-101.</p>
--	---	---	--	---	--

<p>Табиғи су. Су-табиғат байлығы, Өзен көлге барғайсың. Кемі екі рет әр күні Суға түсіп алғайсың. -Өзен көлге барып, көрдіндер ме? -Суда жүзген сендерге ұнай ма?</p> <p>Сергіту сәті. Жазда суда жүземіз, Күмда күнге күйеміз. Жалаң аяқ жүреміз, Қыста қызып денеміз, Коньки, шаңғы тебеміз. Жалқаулықты тастаймыз, Жаттығуды бастаймыз. (балалар 1-2 жаттығу түрлерін орындау.)</p> <p>Қорытынды: -Ауа мен суды ластамау үшін не істеу керек? Балаларды мадақтау.</p> <p>4. Ұлттық ойындар. Тақырыбы: «Орамал тастау» Мақсаты: Балаларда шапшандық қасиеттерін қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс жасау қабілеттерін арттыру.</p> <p>Сергіту сәті. Біз ұшамыз, ұшамыз, Бар әлемді құшамыз. Әрбір ел мен қалаға, Қуаныш, бақыт сыйлаймыз.</p>	<p>арттырады. .Кітап оқу адам бойында бұғып жататын шығармашылық қабілеттерді дамытады. Қорытынды. -Кітап оқыған сендерге ұнай ма? -Ата-анаң сендерге қандай кітаптар оқып береді? -Кітапты қалай ұстау керек? Балаларды мадақтау.</p> <p>3.Сурет салу. Тақырыбы: Шеберлер ауылында. (сәндік). Мақсаты: Өрнек ішінде геометриялық пішіндер мен өсімдік элементтерін 2-3 элементтен кезектестіріп үйлесімді орналастыру. -Балалар қандай ою-өрнек түрлерін білесіңдер? -Ою-өрнекті не үшін пайдаланады? Бірге айтамыз. Ою-өрнек сызайық, Түйе табан Қой ізі мен қс мүйіз, Қарға тұяқ, құс қанат. Бүршік пен гүл әдемі. Ою-өрнек әлемі Қыл қаламды алайық, Сәнді өрнек салайық. Тыңда. Ою. Менің әжем сырмақ сырды. Сырмаққа ою ойып салды. Оюы әдемі болды. Бірге айтамыз. Үйрену. Бұйымдар мен заттарды, Сәндеу үшін көрнекті. Қиын да болса қиналмай, Мен үйрендім өрнекті.</p>	<p>Диірменде ұн етіп дайындайды. Ұннан қамыр илеп нан пісіреміз. Бірге жаттаймыз. Нан ардақты адал ас, Кәрі жас одан аттамас. Ақ дастархан үстінде, Қол жумай оны ұстамас. Қорытынды. -Ең керемет дәм деп нені айтамыз? -Ұннан қандай дәмді тағамдар жасауға болады? Балаларды мадақтау.</p> <p>4.Мүсіндеу. Тақырыбы: Қызу еңбек қайнаған, менің жеміс бағымда. Алма бағында. Мақсаты: Басқа балалармен топтасып немесе жекелей біртекті заттардан образдар мен сюжеттік композициялар жасау. Жұмбақ. Әрі қызыл, әрі тәтті, Татқан жанды таңырқатты. (алма). Көктемде гүлге оранады, Күзде қолға оралады. (алма). -Жемістерге не жатады? -Жемістер қайда өседі? Жеміс ағаштары. Жеміс беретін ағашты- жеміс ағашы дейді. Жемістер бақта өседі. Адам жеміс ағаштарын күтіп, баптап өсіреді. Бақта жеміс ағаштарынан алма, алмұрт, шие, өрік, шабдалы өседі. Өріктің, шабдалының жемісі дәмді, шырынды,</p>	<p>5.Саппен жүріп өту. Қимылды ойын: «Кілттер» Ойын шарты: Бастаушы шеңбер бойымен жүгіріп, кілт кімде деп сұрайды. Балалар жауап беріп орындарын ауыстырады. Бастаушы бос орынды жылдам алып қалуы керек. Шеңберсіз бос қалған бала бастаушы орнында болады. Балаларды мадақтау.</p> <p>4.Логика әлемі. Тақырыбы: Сандарды салыстыру. Мақсаты: Заттар жиынтықтары мен сандарды «<>», «>», «=>» белгілерінің көмегімен салыстыру іскерлігін қалыптастыру. Қосуды және азайтуды үйренемін. 1.Суреттегі шарларды сана. Жазу құрастыр. 3+4=7 Сурет бойынша (+) және (-) таңбаларына жазу құрастыр. 3+2=5 5-2=3 2.Қаламмен бастырып жаз. 3.Сырым сөреден 3 аспап алды. Оларды сыз жазу құрастыр. 6-3=3 Әлия білезіктерді санады. Оған жазу құрастыруға көмектес.</p>	<p>Полицияның номері-102. Қорытынды. -Сен үйде жалғыз қалғанда не істейсің? -Тағы қандай қауіпсіздік ережелерін білесіңдер? Балаларды мадақтау.</p> <p>4.Ойнаймыз,ойлаймыз. Тақырыбы: Кім жылдам. Мақсаты: Оқушылардың қосу және азайту таңбаларын ажытара білуін қалыптастыру. Жұмбақ. Көктемде ұшып келеді, Жаздай концерт береді (бұлбұл). Тау басында ағаш үй, Соны мекен етеді. Қыста алысқа кетеді. (қараторғай). Қос қанатын иіп ап, Жарға келіп қонады. Қара киім киіп ап, Балшықтан үй салады. (қарлығаш). Қыт-қыттаған мақтаны, Ақ доп екен тапқаны. (жұмыртқа). Ақ сарайын талқандап, Шықты біреу талқандап. (балапан). Жаңылтпаш. Көк тырна, көп тырна, Тыраулап тек көп тұрма. Қара қарғаларға, Ала қарғалар үйір. Ала қарғаларға, Қара қарғалар үйір. Қорытынды. -Жылы жақтан қандай құстар ұшып келеді? -Үй құстарын атаңдар.</p>
--	---	--	--	---

		<p>Балалардың жұмысы. «Шеберлер ауылында» (ою-өрнек түрлерін салу). Сергіту сәті Қыл қаламды алайық, Әуеде шар салайық. Қызыл, сары, көк түсті, Шарларымыз көп түсті. Қане қайсысын тандайсың, Түсін біліп алғайсың. Қорытынды. -Ою ойған сендерге ұнай ма? Балалардың жұмысын бағалау. Мадақтау.</p> <p>4.Орыс тілі. Тақырыбы: Кто работает в школе? Мақсаты: Внимательно слушать речь и правильно реагировать на нее (использование мимики и жестов, выполнение действий). Жұмбақ. Мектептің жүрегі, Білімнің тірегі. (мұғалім). Сауықтырар сырқатты, Жылы үнмен тіл қатты. (дәрігер). Тікті әсем киімді, Дүкенге әкеп ілінді. (тігінші). Зымыранды ерттеген, Ай жұлдызды зерттеген. (ғарышкер). Тәртіп, заңды сақтайды, Ел сенімін ақтайды. (полиция) Әліппе дәптермен жұмыс. Кто работает в школе? -Мектепте оқитын балаларды кім деп атайды?</p>	<p>хош иісті болады. Мұндай жемістерден түрлі қайнатпа, тосап, шырын дайындайды. Т.Молдағалиевтың «Алма бағында» шығармасымен таныстыру. Адамның дені сау болып, ширақ та, сергек болып жүруі үшін, адам ағзасына түрлі дәрумендер қажет. Сол дәрумендердің қайнар көзі жемістер мен көкөністер. Жемістер дәруменге өте бай. Күніне бір алма жесең, бір аурудан сауығасың. Жемістер сырқаттан сауықтырып, жаныңды жадыратады. Алмада 12түрлі дәрумен бар. Алма адамға күш беріп, ағзаның түрлі ауруларымен күресуіне көмектеседі, мидың жұмысын жақсартады. Балалардың жұмысы. Балалар ермексайдан алманы мүсіндейді. Сергіту сәті. Алма баққа барайық, Алма теріп алайық. Ең үлкенін алманың, Анамызға сыйлайық! Жұмбақ. Күн нұрымен піседі, Уылжып қолға түседі. (жеміс). Түсі сары, еті дәрі. (лимон). Ас, астың ішінде тас, Тастың ішінде және ас. (өрік). Бақтарда балбырап, Тұрады албырап.</p>	<p>3+1=4 4-1=3 Сергіту сәті. Орманда кірпі келеді, Саңырауқұлақ тереді.кездесті міне керегі. Екеуі қайың астынан, Біреуі терек астынан. Қанша олар болмақ есепте, Тоқылған салса себетке. Қорытынды. Сұрақ жауап әдісі арқылы сабақты қорытындылау. Балаларды мадақтау.</p>	<p>-Үй құстары не жейді? -Адам тауықты не үшін ұстайды? Балаларды мадақтау. Бағалау.</p>
--	--	---	--	---	---

		<p>-Балалар мектепке не үшін барады? -Балаларды мектепте кі қарсы алады? 1.Запомни. В школе работают люди разных профессий. Послушай и повтори. Учитель. Повар. Врач. Библиотекарь. Словарник. Профессия-мамандық. Учитель-мұғалім. Врач-дәрігер. Повар-аспаз. Библиотекарь-кітапханашы. 2.Повтори, кто что делает. Готовит Выдаёт книги Лечит Учит. 3.Чему учит учитель?</p> <p>Читать-оқу. Считать-есептеу. Писат-жазу. Дружит-дос болу. 4.Обведи. Сергіту сәгі. Шаршағанда ырғалып, Гүлге ұқсап дем алам. Қанатымды бір қағып, Гүлдей болып жайқалам. Қорытынды. -Кто работает в школе? Балаларды бағалау.</p>	<p>Уылжыған уыздай, Алма емес ол бірақ. (шабдалы). Қорытынды. -Адамдар қандай жеміс ағаштарын өсіреді? -Жеміс ағаштары қайда өседі? -Жемістерді атандар. -Алманың адам денсаулығына қандай пайдасы бар? -Жемістерден қандай дәмді тағамдар дайындауға болады? -Жемістерді кетіріп, сақтауға бола ма? Балаларды мадақтау. Бағалау.</p>		
<p>Серуен. Табиғатты бақылау.</p>	<p>№1 Ауа-райына бақылау жасау. Д.О. «Ауа-райын сипатта» Ойын шарты: Балалардың ауа-райына байланысты сөздерді таңдап алуы. (жылы, ашық, суық, желді).</p>	<p>№2 Күнге бақылау жасау. Қимылды ойын: «Күн мен бұлт» Ойын шарты: Балалар «Күн» деген сөзді естігенде қыдырып жүреді. «Түн» дегенде тығылып қалады.</p>	<p>№3 Желге бақылау жасау. Тапсырма: Бұлттардың қозғалысына байланысты жел күшін анықтау.</p>	<p>№4 Аспанға бақылау жасау. Д.О. «Көктемге арнап бояу табайық» Ойын шарты: Балалар жыл мезгілдері туралы білімдерін тиянақтау.</p>	<p>№5 Шоғырланған бұлтқа бақылау жасау. Д.О. «Бұлт неге ұқсайды?» Ойын шарты: Түрлі заттар мен жануарлардың келбетін таба білуге үйрету, балалардың ой қиялын дамыту.</p>

				Көктемгі табиғаттағы өзгерістерді әңгімелеу.	
--	--	--	--	--	--